

Вице-министр Қарашығанаққа келді



17 қазанда қысқа мерзімді жұмыс сапары шеңберінде Батыс Қазақстан облысындағы Қарашығанақ мұнайгазконденсатты кен орнына ҚР қоршаған ортаны қорғау вице-министрі Бауыржан Абдишев келді. Онымен бірге ҚР қоршаған ортаны қорғау министрлігінің экологиялық реттеу және бақылау Комитеті БҚО экология Департаментінің директоры Умаров Ермек, Бөрлі ауданы әкімінің орынбасары Адлялиев Серік сапарлас болды.

Сапар барысында қонақтар компанияның басшылығымен жұмыс кездесуін өткізді, КПО-ның табиғат қорғау және өндірістік қызметімен танысты. «Әлеуметтік-экономикалық модернизация - елдің дамуындағы басты вектор» атты Қазақстан Республикасы Президенті Жолдауына қатысты маңызды ақпарат ұсынылған КПО қызметкерлерімен кездесу болды.

Қонақтар делегациясы өндірістік нысандармен, Экоорталықпен және Қарашығанақ қайта өңдеу кешенімен (КПК) танысты.

Делегация мүшелері кен орнын игерудегі КПО жетістіктеріне қанағаттанғандықтарын айтты және компанияның барлық қызметкерлеріне жұмыста жеміс тіледі.



ҚР Парламенті мәжілісінің депутаттары Қарашығанақта

2012 жылдың 12 қарашасында ҚР Парламенті мәжілісінің депутаттары Елена Тарасенко мен Виктор Киянский Батыс Қазақстан облысына сапарлары барысында «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партиясы» төрағасының бірінші орынбасары Кенжебай Нығметов пен Бөрлі ауданы әкімдігінің ресми өкілдерімен бірге «Қарачағанак Петролиум Оперейтинг Б.В.» (КПО) компаниясына келіп кетті.

КПО басшыларымен жұмыс барысындағы кездесуде КПО-ның бас директорының орынбасары Лука Виньяти жоғары мәртебелі қонақтарды қарсылай отырып, Қарашығанақ жобасына көрсеткен қолдаулары үшін алғыс айтты.

Делегацияға компанияның өндірістік қызметінің нәтижелері туралы, Қарашығанақ кен орнын игерудің алдағы жоспарлары туралы, КПО-ның аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы актуалды міндеттерін шешуі мен жергілікті кадрларды жұмысқа тарту және импортталмастыру бағдарламаларын жүзеге асырудағы үлесі туралы толықтай мәлімет берілді.

ҚР парламенті Мәжілісінің депутаты Елена Тарасенко: «Қазір біз Қарашығанақ кен орнының шапшаң дамып келе жатқанын және компанияның қандай жоғары нәтижелерге жеткенін көріп отырмыз», - деді.

«Қарашығанақ кен орны Батыс Қазақстан облысының, жалпы Қазақстан Республикасының экономикасы үшін де маңызды жоба болып табылады, сондықтан мен КПО-ның барлық қызметкерлеріне еңбекте табыс тілеймін», - деп қосты Елена Тарасенко.

Сапар барысында мәртебелі қонақтар Экоорталыққа барып, бұрғылау ерітіндісін дайындауды ұйымдастырумен, қалдықтарды қайта өңдеу процесімен және оның алдағы жойылу жайымен танысты.



КПО Б.В. компаниясы жақында Ақсайда мердігерлік ұйымдармен ҚОҚ, ҚТ және ЕҚ мәселелері бойынша дәстүрлі форум өткізді. Кен орнындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету барлық істің іргетасы болып табылады, бұл тұрғыда Қарашығанақ күн сайын мұнайшылар мен газ өндірушілердің кәсіби деңгейін тексеріп отырады.

КПО-ның бас директоры Дамиано Ратти форумды ашып, техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғаудың нормалары мен стандарттарының сақталуын тек басшылық тарапынан ғана емес, осы кәсіпорынның қызметкерлері мен мердігерлік ұйымдардың қызметкерлері де ұдайы мән беретін кез-келген кәсіпорын қызметінің маңызды бөлігі деп атап көрсетті.

Әрі қарай Орталық Азия бойынша «Би Джи Групп»-тің вице-президенті Марк Роллинз өнеркәсіптік үрдісте төтенше жағдайды болдырмауға шақыратын КПО-ның қауіпсіздік жүйесі жөнінде айтты. Ол сондай-ақ әр адам өзінің және қоршаған орта алдында қауіпсіздік техникасы ережелерін бұлжытпай орындауға міндетті екенін атап көрсетті. Адамдардың денсаулығына не өміріне қауіп төнген жағдайда жұмысты тоқтату, я болмаса процеске араласу әр адамның міндеті болып табылатынын ерекше атап өтті.

Форум қатысушыларына еңбек пен іс-әрекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағдарламасы бойынша таныстырылымдар ұсынылды. Соның ішінде ҚОҚ, ЕҚ және ТҚ бойынша басшысы Стивен Райт өндірісте бақытсыз жағдайды болдырмауды қамтамасыз етуге бағытталған КПО-ның толықмасштабты қауіпсіздік бағдарламасы жөнінде айтты. Негізін бұл КПО-да жұмысты қауіпсіз атқару талаптарының тізбесі болып табы-

лады. Бағдарлама таныстырылымы кезінде бұрын КПО-да өндірісте орын алған бақытсыз жағдайлар фактілері қарастырылды. Оны зерттеу мен сараптама жасауды, - деп атап өтті Стивен Райт, - болашақта қауіпті жағдайға жол бермеу мақсатында мұқият, әрі нық өткізу қажет.

Соңғы жылдарда КПО-да экология және еңбек қорғау, техника қауіпсіздігі бойынша көрсеткіштерінің едәуір жақсарғаны байқалады. Бірақ та, КПО өндірісті кеңейтудің жаңа жобаларын жүзеге асыра отырып және бұрғылау жұмыстары өндірісінде қатал талаптарды басшылыққа ала отыра, жақсартуды талап ететін жерлер бар екенін мойындайды. Бұл мақсатқа компания Қарашығанақта жұмыс жасайтындардың барлығын біріктіргенде ғана жету мүмкін



Қауіпсіздік бәрінен де маңызды

деп санайды. Өнеркәсіптік жарақат (травматизм) анализі, - деп атап көрсетті ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ менеджері Ғазиз Хасанов бақытсыз жағдайлардың көпшілігі нұсқаулық талаптарды бұзу, пайдалану ережесін бұзу, лауазымдық міндеттерді орындамау бірінші орында тұратын, ал оны дұрыстау көп шығынды қажет етпейтін жағдайларда туындап отырғанын көрсетіп отыр. Демек, жұмысшы тарапынан да, жұмыс беруші жағынан да еңбек қауіпсіздігіне қатынасты өзгерту керек. Форум бағдарламасын қалдықтарды басқару учаскесінің бастығы Сергей Жуков өз баяндамасымен жалғастырып, қауіпсіздік және қалдықтардың жоғары сақтау профилактикасының кешенді бағдарламасы жөнінде айтты. Сонымен қатар қыс мезгілінде

қауіпсіздікті қамтамасыз ету спецификасы, қауіпсіздік бағдарламасы бойынша жоспарды жүзеге асыру және қайта қарау мәселелері қарастырылды. Әрбір таныстырылымнан кейін форум қатысушылары қарастырылып отырған мәселе бойынша шешімнің оптималды нұсқасын анықтау үшін пікір алмасуға арнайы ұйымдастырылған пікірталаста өз көзқарастарын айтуға мүмкіндіктері болды.

Дамиано Ратти «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» компаниясы үшін маңызды құндылықтардың бірі - оның қызметкерлері болып табылады деп атап көрсетті. Компанияның және оның қызметкерлерінің мақсаты мен мүддесі бір, ол әрбір қызметкердің жеке және компанияны өркендету мақсатына бағытталған. Сондықтан КПО-да барлық жұмысшылар іскер қатынастағы барлық салада этиканың жоғары нормаларын сақтайды, компанияның жалпы ісіне әрбір қызметкердің үлесін бағалайды және бір-бірінің мәдени ерекшеліктерін сыйлайды, барлығы ашық жұмыс жағдайында жұмыс жасауға тырысады, ал басшылық өнеркәсіпте компанияның барлық қызметкерлерінің толық құқықта жұмыс істеуі үшін жағдай туғызады.

Бір күн бойы жүргізілген кездесудің аяғында болған форумның қорытындысы жасалды. КПО ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ корпоративтік мәселелері бойынша басқарушысы Стивен Райт Қарашығанақта қауіпсіздік саласында жағдайды жақсартуға бағытталған іс-шараға қатысқандарына ризашылығын білдірді.

Қарашығанаққа АҚШ елшілігінен қонақтар келді

Осы жылдың 8 қарашасында Қазақстанда АҚШ елшілігінің саяси-экономика бөлімі кеңесшінің орынбасары Брайн Дугган мырза, сонымен қатар АҚШ елшілігінің экономика мәселесі бойынша маман Карима Ахметова ханым Батыс Қазақстан облысындағы қысқа мерзімді жұмыс сапары шеңберінде Қарашығанақ кен орнына барды.

Сапардың басты мақсаты – кен орны аумағында орналасқан өнеркәсіп нысандарымен және Қарашығанақ кен орнымен танысу. Брайн Дугган және Карима Ахметова сапар кезінде КПО қызметкерлерімен және

басшылықпен кездесіп, Қарашығанақ қайта өңдеу кешеніне (КПК) және Ақсай индустриалдық паркіне барып, кен орнының өнеркәсіп нысандарын аралап танысты, сонымен қатар кен орнын өңдеу жұмыстарының жалпы бағытымен танысты.

Сондай-ақ қайта өңдеу кешеніне (КПК) қонақтарға КПО-ның басшыларымен кездесу ұйымдастырылып, оның барысында КПО-ның өкілдері Қарашығанақ кен орнының болашақтағы дамуы жөнінде, сол сияқты компанияның аймақтың дамуына қосқан үлесі жөнінде толықтай таныстырылым жасады.



Сыйлыққа берілген кітаптар

Кітап – білім көзі. Ал мектеп оқушысына ұсынылған кітап жас ұрпақтың рухани дамуына қосылған үлес. XXI ғасыр заманауи технология ғасыры болып саналады, жаппай компьютерлендіру заманында оқушылар кітапты аз оқытын болды, бос уақыттарын әлеуметтік желілерде өткізеді. Электронды варианттағы ақпараттың басымдылығы мен қол жетімділігіне қарамастан, кітаптың бағасын білетіндер кітаптың жөні бөлек екенін айта алады. Электронды вариантпен салыстырғанда кітапты қолыңа аласың, парақтайсың. Және компьютерден оқығанның көзге зиянды әсері бары белгілі. КПО компаниясы жас ұрпаққа қолдау көрсету саясатын ұстанады. Мәселен, компания №6 мектепке энциклопедия, сөздік, анықтамалық кітаптар мен қазақ, орыс және шетел әдебиеті классиктерінің шығармаларын сатып алуға көмек көрсетті.

№6 мектеп білім беру нысандары сапында жақында пайда болды, оларда оқу әдебиеттері әлі көп емес. Сондықтан 294 мың теңгеге 100-ден астам кітап сатып алып берді. Әдебиеттер алуға деген сұраныс 2011 жылы мақұлданған болатын, бірақ мемлекеттік сатып алу процесінің ұзақ жүретініне байланысты кітаптар жақында ғана алынды. Мектеп әкімшілігі, мұғалімдер мен оқушылар бас директор Дамиано Раттиге көрсеткен көмегі үшін үлкен алғыс айтты.

КПО-дағы транспорт қызметкерлерінің күні

Қазан айының 28 күні транспорт саласында жұмыс жасайтын қазақстандықтар өздерінің кәсіби мерекелері - транспорт қызметкерлерінің күнін атап өтті. КПО-ның инфрақұрылымдар мен сервистік қызмет көрсету бөлімінің әдемі дәстүрі бойынша спорттық іс-шара ұйымдастырылып, жүргізушілерге және көлікті ұйымдастыру саласында жұмыс жасайтын басқа қызметкерлерге арналған «Үздік жүргізушісі» атағына байқау ұйымдастырылды.

Спорттық шара аясында волейбол мен мини-футболдан жарыс өткізілді. Оған КПО компаниясы мен мердігерлік ұйымдар «АқсайАвтоТранс», «Автодом-Т» және «Каспиан» компанияларының командалары қатысты. КПО компаниясының командалық ұйымшылдықтарымен, жеңіске деген құлшыныстарының арқасында волейболдан өткен турда бірінші орын алды. Мини-футболдың басты жүлдесі «Каспиан» командасына берілді.

Осы кәсіби мерекеге арналған «Үздік жүргізушісі» байқауы КПО-да бірінші рет өтіп отыр. Байқауға қатысқан 14 жүргізуші көлікті жүргізу дағдылары мен Қазақстан Республикасының жол қозғалысы ережелері бойынша жарысқа түсті. «КПО-Карьера» компаниясынан Руслан Байдуkenов «Джилптің үздік жүргізушісі» аталымы бойынша, «КПО-Карьера» компаниясынан Түлкібай Тажикенов «Пикаптың үздік жүргізушісі» аталымы бойынша, «АқсайАвтоТранстың» жүргізушісі Марат Дуюсов «Автобустың үздік жүргізушісі» аталымы бойынша жеңімпаз атанды.

КПО-ның бас директоры Дамиано Ратти байқау жеңімпаздарын құттықтап, дипломдар мен бағалы сыйлықтар табыс етті. Ал басқа қатысушылар ескерткіш сыйлықтармен марапатталды.



Техникалық су құбыры жөнделді

КПО Б.В. компаниясының әлеуметтік жоба негізінде үлкен бір іс аяқталды – Успен селолық округіндегі көп жылдан бері жаңғыртуды қажет ететін техникалық су құбыры жөнделіп, пайдалануға берілді. Техникалық суды енді ауыл тұрғындары көктем мезгілі туғанда бау-бақша және мал суаруға қолданылатын болады. Осыған орай КПО Б.В. компаниясы, мердігер компания өкілдері және аудандық әкімдіктен басшылармен бірге селолық округте кеңейтілген кеңес отырысы болып өтті.

Техникалық су құбырына жөндеу жұмыстарын жүргізу шалғайда жатқан Успен ауыл тұрғындарының көптен бері шешілмей келген мәселесі болатын. Халық үшін су мәселесі қиындық тудырып келген. Ауылдағы мал ұстап, бау-бақша өсіріп отырған ағайындар үшін жазғы техникалық судың қажеттігі сөзсіз. Техникалық судың мәселесі шешімін табатындығына үде берген өңір басшысы мен КПО Б.В. компаниясы жұртшылықтың үміт отын жандырған еді. Көп ұзамай уәде орындалды. Иілікті іске демеуші болып, жұмысты атқарушы - КПО Б.В. компаниясы.

Бүгін компания қызметкерлері және аудандық әкімдіктен басшылар үлкен жұмыспен ауылға келіп отырмыз. Осыдан екі ай бұрын жөндеу жұмыстары басталған техникалық сумен қамтамасыз ету жүйесін қайта құру әлеуметтік жобасының сәтті аяқталуына орай жиналып отырмыз. КПО Б.В. компаниясы әрдайым Батыс Қазақстан облысы және Бөрлі аудандық әкімдікпен бірлесіп әлеуметтік жобалар жасақтайды, - деді аталмыш компанияның жергілікті халықпен жұмыс жөніндегі секцияның жетекшісі Жанар Қажидденова.

Осыған орай КПО Б.В. компаниясы, мердігер компания өкілдері және аудандық әкімдіктен басшылары ар-

найы келіп, кеңейтілген кеңес отырысы өткізілді. Кеңеске ауыл тұрғындары жиналыпты. Мақсаттары – жылдар бойғы армандарын қысқа мерзімде іске асырғандарға алғыс айту.

- 1961 жылы пайдалануға беріліп, бүгінде тозығы жеткен сумен қамту қондырғысын КПО Б.В. компаниясы қайта жаңғыртып, пайдалануға берді. Енді болашақта қандай шаруалар атқарылмақшы, су жүйесіне қатысты қандай көкейтесті проблемалар бар дегендеі, осы мәселемен жиналып отырмыз, - деді аудандық мәслихаттың хатшысы Әділхан Кулиқешов.

Көп ұзамай қолға алынып, пайдалануға берілген Успен ауылындағы жазғы су құбырының сорап қондырғысы бүгінде халық үшін үздіксіз қызмет істеп тұр. Қондырғы нысанын жөндеген «Ремстройбт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің атқарушы директорының орынбасары Анатолий Котельников бүгінде ауыл халқы техникалық сумен толықтай қамтылып отырғандығын айтты.

Жалпы ұзындығы 10 шақырымнан астам техникалық сумен жабдықтау желілеріне жабдықтау жұмыстары жүргізілді. КПО Б.В. компаниясы жобаға тиісті қаржы бөлді. Осылайша құрылыс сәтті аяқталды. Бұл станциялардың қайтадан іске қосылуы ауылдағы 132 аула және мектеп, мәдениет үйі техникалық сумен қамтуға мүмкіндік береді. Су жағалауындағы үш сорап қондырғысы станциясына жөндеу жұмыстары жасалды, біреуі резервте тұр. Айта кету керек, тапсырыс - жазғы кезеңдегі техникалық су қондырғысын жаңғырту болды, - деді.

Ауыл әкімінің сөзінше, тұрғындар техникалық суды пайдалануда. Ауылда бұл тұрғыда шешілмеген ешқандай

мәселе жоқ. Ал тұтынушылардың пайдаланған судың төлемақысы алдағы уақытта ауылдық кеңеспен бірлесіп шешілетін болады.

Жері шұрайлы, суы мол, айналасы жасыл желекке оранған ауылда бүгінде тұрғын 400-ден астам адам мекен етеді. Биыл ауылдағы білім ошағына күрделі жөндеу жұмыстары жасалып, соңғы жылдары ауылдықтар үшін жағдайлар қарастырылуда.

- Жиында тұрғындардың көтерген қысқы кезеңде малдарды суаруға байланысты мәселесін өзміз ойластырып шешетін боламыз. Біздегі басты проблема - тұрғындар саны, яғни ауылды дамытуға бағытталған әлеуметтік жобаға сай Успендегі халық саны сәйкес келмей отыр. Соңғы уақытта тұрғындар көршілес қалаларға қоныс аударып, адам саны едәуір азайып кетті, қазір мекен ететін тұрғындардың көпшілігі зейнет жасындағы адамдар. 250 балаға лайықталып салынған мектеп жақында күрделі жөндеуден өтті. Осы үлкен білім ошағында қазір 50 оқушы ғана білім алуда. Алдағы уақытта мамандарды ауылға тарту жұмысын жүргізу керек деп жоспарлап отырмыз. Себебі ауылда ауыз су, көгілдір отын бар, мектеп пен мәдениет үйі сыңғырлап тұр. Мұның барлығы жергілікті халық үшін атқарылып отыр, - деді мектеп директоры.

- Менің ойымша, осындай климаты өте қолайлы ауылда малшаруашылығын дамыту керек. Соңғы жылдары Үкімет мал басын көбейту үшін тұрғындарға әртүрлі бағдарламаны ұсынып жатыр. Ауылда тұратын жастар мал ұстап жеке шаруашылықтарын дамытып, жақсы тұрмысқа талпынып, әрі елдімекеннің еңсесін тіктеуге атсалысса нұр үстіне нұр емес пе? - деді аудандық мәслихат депутаты Арман Исмағұлов.

Ауылда аудан басшылығы мен КПО Б.В. компаниясы арқасында әлеуметтік істер жасалды. Ендігі шаруа ауыл тұрғындары көбейтіліп, мамандар жұмысқа тартыла нұр үстіне нұр.